

30 Шілде  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## АСТАНАДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАЛАЙ ЖӘНЕ ҚАЙДА ӨТЕДІ?

8-13 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА АСТАНАДА ЭТНИКАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПОРТ-ТЫҚ ЖАРЫСТАР – V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ӨТЕДІ. ІС-ШАРАҒА 89 ЕЛДЕН ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАТЫСАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ЕЛОРДА ӨКІМДІГІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ. ОЙЫНДАР ҮШ БАҒЫТ, Яғни СПОРТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ БОЙЫНША ӨТЕДІ.



Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының инфрақұрылымына елордалық 6 нысан кірді: “Астана-Арена” стадионы, “Қазанат” ипподромы, Ж. Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы, “Алау” Мұз айдыны сарайы, “Qazaqstan” жеңіл атлетикалық спорт кешені, “Думан” кешені. “Қазанат” ипподромында және Этноауыл аумағында ат жарысы, дәстүрлі садақ ату және құстармен аң аулаудың ұлттық түрлері бойынша жарыстар, сондай-ақ ат жарыстары өтеді. Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе - жек сарайы мен

“Алау” мұз айдыны сарайында ұлттық күрес, жекпе-жек және халық ойындары бойынша жарыстар, “Думан” кешенінде дәстүрлі зияткерлік ойындар өтеді. “Qazaqstan” жеңіл атлетикалық спорт кешенінде Ақкредиттеу және жабдықтау орталықтары орналасатын болады. Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары ҚР Ұлттық музейінде өтеді. Оңтүстік-батыс жағынан “Қазанат” ипподромына іргелес 10 га аумақта орналасқан “Көшпенділер әлемі” этноауылы ВИК мәдени бағдарла-

масын іске асыру үшін басты алаң болады, сондай-ақ мәдени бағдарлама шеңберіндегі іс-шаралар Астананың түрлі алаңдарында (алаңдар, саябақтар, скверлер, басқа да қоғамдық кеңістіктер, театрлар, Концерт залдары, кино-театрлар, мұражайлар, көрме павильондары және т. б.) өтеді. Спорттық бағдарлама жарыстарды спорттың 21 түрінен қамтиды. Оның ішінде: \* Асық ату \* Ордо \* Арқан тартыс \* Бәйге \* Көкпар

\* Аударыспақ \* Теңге ілу \* Қазақ күресі \* Ашыртмалы аба гүреші \* Кореш (белбеу татар күресі) \* Көкборуу \* Алыш \* Мас-рестлинг \* Powerful nomad (алыптар сайысы) \* Тоғызқұмалақ (тоғызқорғұл) \* Мангала \* Овари \* Жамбы ату \* Дәстүрлі садақ ату \* Құсбегілік \* Құраш (өзбек күресі) Ойындарда 100-ге жуық медаль жиынтығы ойнатылады.

### ТАРИХИ СӘТ:

**ЕЛДОС СМЕТОВ ДЗЮДОДАҢ ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ**  
ДЗЮДОДАН ҚАЗАҚСТАН КОМАНДАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ ЕЛДОС СМЕТОВ 2024 ЖЫЛҒЫ ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ OLYMPIC.KZ



Сметов 60 келі салмақта жеңімпаз атанды. Финалда ол Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, француздық Лука Мхеидзені жеңді. Елдос белдесу соңына қарай маңызды ұпай жинап, сол басымдықты сақтап қалды. Нәтижесінде, ол дзюдодан Қазақстан тарихында Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш спортшы ретінде тарихқа енді.

Айта кетелік, Елдос өз мансабында үшінші рет Олимпиада жүлдесін алып отыр. 2016 жылы Рио Олимпиадасында күміс алған ол Токиода қола жүлдегер атанған еді. Олимпиаданың аңсаған алтынына ол 31 жасында, Париж төрінде қол жеткізді. Құтты болсын, Қазақ елі! Фото: Сали Сабиров

olympic.kz

### ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ЕЛДОС СМЕТОВТІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

– Дзюдошымыз Елдос Сметовті Париждегі Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алуымен құттықтаймын! Оның шеберлігі мен қайсарлығының арқасында Қазақстанның туы биікте желбіреді. Елдос мықты қарсыластармен күресте төртжылдықтың басты додаларында топ жарып, әлемнің үздігі атанды. Сіздің жеңісіңіз – біздің бүкіл халқымыздың жеңісі! – деп жазды Мемлекет басшысы X парақшасында.

### ТЕҢГЕ ІЛУ — АТ ҮСТІНДЕГІ ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕР ЖАНУАР МЕН ЖІПТІГІ ҮНДЕСТІГІН, ЕПТІЛІГІ МЕН ШАПШАҢДЫҒЫН ПАШ ЕТЕТІН ТАРТЫМДЫ СПОРТ. ШАБАНДОЗ АТПЕН ШАУЫП КЕЛЕ ЖАТЫП ЖЕРДЕ ЖАТҚАН ТЕҢГЕНІ ҚОЛМЕН ІЛІП АЛУЫ ҚАЖЕТ.

Теңге ілу жарысы 11-13 қыркүйек аралығында этноауыл алаңында өтеді. Көшпенділер ойындарында көкпар, бәйге, қазақ күресі, түркі халықтарының күрес түрлері, асық ату, алыптар сайысы (powerful nomad), аударыспақ, теңге ілу, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, таяқ тарту (мас-рестлинг), арқан тартыс, тоғызқұмалақ сынды көшпелі жұрттың 21 спорт түрінен жарыстар, мәдени бағдарлама, ғылыми конференция өтеді. 8-13 қыркүйек аралығында Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 100-ге жуық елден 2000-нан аса спортшы қатысады.

### ЖАҒАПАУДАҒЫ РАНДЕВУ



“Жақсымен бірге өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен ғұмырындай” демекші, ортамызда жүрген аға буынның жүріп өткен еңбек жолы әрбір жас маман үшін өнегеге толы тағылым. Кәсіби шеберлікті шыңдауда ойы мен сөзі бір және ісіннен айқын көрініп тұратын, өзі үшін емес өзгелер үшін, жас ұрпаққа, еліне берер пайдасы туралы дәріптеу мақсатында “Шұғыла” мәдениет және демалыс орталығының ұйымда-

### АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУТҒА ЖАНА КОЛДАУ



Еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігі асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау ережесінің жобасын әзірледі. Жоба қазақ жылқы тұқымының генетикалық өлеуетін артты-

руға бағытталған және елімізде жылқы шаруашылығын қолдауға арналған үш жаңа бағытты қамтиды. Оның ішінде асыл тұқымды тұқымдық орталықтардың спорттық бағыттағы қазақ

жылқы тұқымының генетикалық қасиеттерін арттыру үшін шетелдік селекциялы асыл тұқымды айғырларды сатып алуы, спорттық бағыттағы қазақ жылқы тұқымының аналық басымен селекциялық-асыл

тұқымдық жұмыс, спорттық бағыттағы қазақ жылқы тұқымын асырау шығындарын өтеу. Жаңа ережелерді қабылдау спорттық бағыттағы қостанай жылқы тұқымын сақтау және оның елдегі таралымын өсіру үшін жағдай жасайды, ат спортының ұлттық түрлерін дамытуды, қазақ халқының мәдениетін, дәстүрлері мен өмір салтын насихаттауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, Ереже жобасында ауыл шаруашылығында пайдаланылатын елді мекендердің жерлері санатына ие Шымкент қаласының фермерлері үшін мемлекеттік қолдау алу мүмкіндігі көзделген. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау ережесінің жобасы спорттық бағыттағы жылқылардың қазақ тұқымының позициясын нығайту, елдегі жылқы шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығы өндірісі үшін жағдайды жақсарту үшін маңызды мәнге ие.

# АШЫҚТЫҚ ПЕН ӘДІЛДІК: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде мемлекеттік қызметті түбегейлі жаңғыртуды көздеген іріктеу реформалар жүргізіліп келеді. Жаңа заңнамалық актілер қабылданып, мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді іріктеу тәсілдері жетілдірілді.

Өткен жылы мемлекеттік қызметте бұрын болмаған онлайн іріктеу жүйесі іске қосылды. Аталған жаңашылдықтың көздеген мақсаты - кадрларды іріктеудің ашық, ең бастысы - әділ жүйесін қалыптастыру. Мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау рәсімін жеңілдету, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «e-Quzmet» жүйесін жаңғырту бойынша жұмыстар атқарылды.

Бүгінде, «e-quzmet.gov.kz» порталында іске қосылған мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа форматы 44 мемлекеттік органда жүзеге асырылуда. 2026 жылға дейін бұл жаңа іріктеу жүйесіне барлық мемлекеттік органдар кезең кезеңімен қосылатын болады.

Ақтөбе өңірі жаңа іріктеу жүйесіне осы жылдың 1 шілдесінен бастап енді. Бүгінгі күні «e-quzmet.gov.kz» порталында жергілікті мемлекеттік органдардағы 15 бос лауазымға конкурстар жарияланып, өткізілуде.

Жаңа формат үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа, барлық кезеңдерде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. Үміткерлер өз деректерін бұрынғыдай қағаз түрінде тапсырмайды, мемлекеттік органдармен жасалған интеграция арқасында деректер автоматты түрде тартылады. Тестілеу жүргізілетін нормативтік-құқықтық актілердің саны екі есеге - яғни 9-дан 4-ке дейін қысқартылды. Сондай-ақ қазір үміткер сандық және мәтіндік ақпаратпен жү-

мыс істеу қабілетін бағалау кезеңдерінен өтеді.

«Адами фактордың» ықпалын болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде дербес деректерді құпияландыру, анонимділікті қамтамасыз ету мақсатында үміткерлер ID-нөмірленеді және тәуелсіз прокторинг жүйесі қамтамасыз етіледі. Бұл тәжірибе әлемде кеңінен қолданылады және HR-дың тиімді құралы ретінде өзін дәлелдеп отыр. Конкурс жеңімпазы барлық кезең қорытындысы бойынша ақпараттық жүйемен дербес айқындалады. Нәтижесінде, жаңа жүйе бойынша өткізіліп жатқан конкурстарда бір орынға қатысушылардың үлесі 4,6 адамды құрап, қолданыстағы іріктеу тәртібімен салыстырғанда қатысушылардың саны 2,7 есеге артып отыр. Бұл онлайн форматтағы іріктеу азаматтардың мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттырады.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметке үміткерлердің эмоционалды интеллект және олардың рухани даму деңгейін анықтауға бағытталған тесттерді енгізу, сондай-ақ жасанды интеллект құралдарын қолдану мәселесі зерделеніп жатыр. Мемлекеттік қызметке орналасуға жастарға да жақсы мүмкіндіктер қарастырылған. Биыл ұйымдастырылған Президенттік жастар кадр резервінің форумында Мемлекет басшысы мемлекет басқару ісіне ойы ұшқыр, білімі озық, сана-сезімі терең, нағыз отаншыл азаматтар көптеп келуі керектігін және оларға үлкен жауапкершілік жүктелетінін жеткізді. Бүгінде бастамашыл, жаңаша ойлай алатын жастарды тарту арқылы мемлекеттік қызметшілердің жаңа буыны қалыптасты. Резервке іріктеу жүзеге аса бастағаннан бері жауапты қызметтегі жастардың үлесі артты. Бүгінде Ақтөбе облысы бойынша 13 резервшінің 12-сі мемлекеттік органдар мен

квазимемлекеттік сектор ұйымдарында жұмыс істейді. Мемлекеттік қызметке талантты жастарды тарту жұмысының жалғасы ретінде биыл 1 наурыздан бастап Өңірлік кадр резервтеріне іріктеу жүргізілуде. Іріктеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, Астананың кадр комиссиясы жүзеге асырады. Өңірден жобаға қатысуға барлығы 524 жас өтінім берді, құжаттарды зерделеу қорытындысы бойынша заңнаманы білуге тестілеуге - 269 адам, жеке қасиеттерін бағалауға - 140 адам жіберілді. Құзыреттерді бағалауға 51 адам кірді. Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурсқа қатыспай-ақ орналаса алады.

Отандық жоғары оқу орындарын мемлекеттік грантпен жоғары үлгеріммен аяқтаған жастарға аудандық және ауылдық жердегі төменгі лауазымдарға конкурстық тағайындалу мүмкіндігі берілді. Бүгінде 20 үздік түлек аудандық және ауылдық жерлердегі мемлекеттік қызметке конкурстық қабылданып, ел игілігі жолында қызмет атқарып жүр. Бұл өз кезегінде жергілікті жерлердегі қызметшілердің сапалық құрамының білімді жас кадрлармен толығуына себепші болып отыр. Жастар - қай заманда, қай елде болсын асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті туған Отаны мен халқына адал қызмет етумен бағаланады. Ал жас буын өкілдері мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырады деген үміт пен сенім үлкен.

## Айбек ШІЛМАНОВ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

## ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУҢІЗ КЕРЕК?

Алаяқтық қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты - ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, яғни интернет алаяқтық болып отыр.

Яғни бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап, мүлкін жымқыру секілді жымысқы әрекеттерге барады. Бүгінде интернет алаяқтықтың ауқымы кеңейіп, әртүрлі интернет ресурстары мен әлеуметтік желілерді пайдалана отырып алаяқтардың арбауына түскен алданушылар саны күн санап өсуде.

Интернет алаяқтар қазір елдің ақшасын интернет-мессенджерлер арқылы үлтеп кетуге тырысады. Қаржы жобаларын ұсынып, өзін брокермін деп таныстыратын алаяқтар да қаптап кеткен.

Қазіргі кезде инвестициялық жобаларға қатысты алаяқтық жиілеген. Азаматтар жинаған ақшаларын қаржы жобаларына саламыз деп сан соғып жатады. Одан өзге әлі алмаған тауарына немесе қызметке ақша жіберіп, алданып жатады.

Интернет алаяқтықтың бір түрі - фишинг. Бұл - интернет пайдаланушының жеке мәліметтерін (логин мен пароль) жасырын алу. Қаскүнемдер алдымен танымал брендтердің немесе банктердің атынан жаппай электронды хаттар таратады.

Негізі, айта кететін нәрсе, электрондық адресіңізге өзіңізге қатысты емес, сіз білмейтін мекенжайлардан кел-

ген хаттарды ашпаған жөн, ашқан күннің өзінде ол жерде көрсетілген сілтемелерге кірудің қажеті жоқ. Ондайларды мүмкіндігінше сол келген бойында жойып отыру керек және міндетті түрде вирусқа қарсы бағдарламаларды қолданған жөн.

Еліміздің банктері мен байланыс операторлары алаяқтықтың жаңа түрі туралы мәлімдеме жасап отырады. Төмендегідей қарапайым шараларды сақтау интернет-алаяқтардың құрбаны болмауға мүмкіндік береді:

- Рассталмаған сату көздерін пайдаланбаңыз;
- Кез келген жағдайда сіздің банк карталарыңыздың және шоттарыңыздың мәліметтерін ешкімге бермеңіз, әсіресе интернет арқылы байланысқан кезде;
- Интернет жүйесі арқылы келген сілтеме бойынша өткен кезде мекенжай жолына, яғни акция жүргізетін ұйымның не компанияның ресми атауының дұрыстығына назар аударыңыз;
- Әлеуметтік желілердегі өз профиліңіздің дербестігін баптауларда байланыс деректерін (қызметтік және жеке телефон номерлерін) көпшілікке қол жетімді етпеңіз жөн. Мобильдік нөмерді (бизнес-аккаунт) көрсету қажет болған жағдайда, жеке және жұмыс номерлерін бөлу қажет, яғни жеке номерді туыстармен және жақындармен байланысу үшін ғана пайдаланған дұрыс.
- Есептік деректеріңізді үнемі тексеріп көп факторлы аутентификация пайдаланылатын сенімді порольдерді қолданыңыз;
- Браузерде, операциялық

жүйеде және мобильдік құрылғыларды пайда болатын түрлі терезелермен хабарламаларға қатысты абай болыңыз;

- Банк карталарының деректерін сақтап, картаның сыртқы жағындағы 3 санды CVV/CVC-кодты ешкімге айтпаңыз сондай-ақ банктен келіп түсетін СМС-кодты ешбір жағдайда бейтаныс адамға айтпаңыз;
- Интернетке қол жеткізудің ашық қоғамдық Wi-Fi-нүктелеріне сенбеңіз;
- Жеке деректерді, жеке куәлік деректерін, банк карталарының деректерін және тағы басқа мәліметтерді қамтитын құжаттарды, банк карталарының көшірмелері мен фотосуреттерін ешкімге жібермеңіз және таратпаңыз;
- Интернетте, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасалатын күмәнді мәліметтерден бас тартыңыз;
- Интернет-порталдар арқылы мүлкті сатып алу кезінде ешқашан алдын ала келісім жасамаңыз;
- Төлем жүйелерімен белгісіз тұлғаларға ақша аудармаңыз;
- Автомобилдерді, басқа қалаға арналған қосалқы бөлшектерді сатып алғанда, достарыңыз бен таныстарыңызға айтып, сатушымен кездесуге және сатып алынған өнімді тексеруді өтініңіз.
- Бопсалаушылардың телефон бойынша талаптарын орындамаңыз;
- Интернет-алаяқтық жаһандық мәселеге айналып отыр. Ақпараттық сауаттылықты дамыту және сақтық шараларын қолдану арқылы ғана біз өзімізді және жеке деректерімізді алаяқтардың ықпалынан қорғай аламыз.

# ҚОҒАМ ТАЛАП ЕТКЕН ӘДІЛДІК ФЕНОМЕНІ: ҚАЗАҚСТАНДА САЯСИ ИНСТИТУТТАР ҚАЛАУ ДАМУДА?

КЕІНГІ БЕС ЖЫЛДЫҚТА ҚАЗАҚСТАНДА БИЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ ЕРЕКШЕ БАЙҚАЛАДЫ. ЕЛДІҢ САЯСИ БАҒДАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІНЕ САЯСИ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ ӨСЕР ЕТТІ ДЕСЕК, ҚАТЕЛЕСПЕЙМІЗ. ЕКІНШІ ТҰСТАН ҚАРАҒАНДА РЕФОРМАЛАР ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫНА САЙ ІСКЕ АСЫП ЖАТҚАНЫ КӨРІНЕДІ.

Қоғам сұранысынан туған реформалар кезеңі Бір ғана 2023 жылдың өзінде еліміз үшін саяси тың бастама көп болды. Бірінші жартыжылдықта Конституциялық Сот құрылып, Парламент Сенатының сайлауы өтті, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланып, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі біршама күшейтілді.

Қоғамда заң мен тәртіпті сақтау, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қою, вандализм мен жүгенсіздікке қарсы күресу секілді мәселелер төңірегінде қызу пікірталастар өрбігені көпке мәлім.

Мұның бәрі жеке және қоғамдық мәдениеттің жаңа нормаларын қалыптастыруға халықтың сұранысы арта түскенін аңғартады. Әрине, үлкен мемлекеттегі жаңғыру процесі бір сәтте жүзеге аспайды, кезең-кезеңімен, біртіндеп іске асатын үрдіс. Егер елдегі саяси реформаларды бақылап отырсақ, 2019 жылдан басталған өзгерістердің түпкі мәні демократия институттарын дамытуды көздегенін түсінеміз.

Оның ішіне саяси жүйені жаңғыртудан бастап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру негіздері бар. Инфографика: Kazinform

Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы айтпай кете алмаймыз. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы - Президенттің өкілеттігін бір ғана жеті жылдық мерзіммен шектеу. Бұл қоғам талап ететін «әділдік» феноменінің орындалғанын көрсетті.

Референдум аясында Парламенттің ролін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсарту қамтылды.

Осы арқылы мемлекет саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға, халықтың билікке деген сенімін



Өз кезегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саяси реформалар арқылы ел азаматтары ой-пікірін ашық айтып, қоғамда белсенді болуға мүмкіндік алғанын жеткізген еді.

- Қазір еліміз дамудың жаңа сатысына қадам басты. Біз кейінгі 5 жылдың ішінде ауқымды саяси реформаларды жүзеге асырдық. Қазақстанның саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Парламенттің ықпалы, Үкіметтің жауапкершілігі айтарлықтай артты. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік орныға түсті.

Саяси партиялардың қоғамдық ролі күшейді. Азаматтарымыз өз ой-пікірлерін ашық айтып, қоғамда белсенді болуына мүмкіндік беретін нақты тетіктер пайда болды. Сайлау жүйесін жетілдірдік. Ауыл, аудан өкілдері тікелей сайлана бастады. Бір сөзбен, саяси және қоғамдық мәдениет үлкен өзгеріске ұшырады.

Ең маңызды бастаманың бірі - Президент жеті жылдық мерзімге бір рет ғана сайла-

нады жаңа партиялардың тынысы ашыла бастады. Сайлау үдерісіне мейлінше қоғам өкілдерін тарту мақсатында депутаттық мандаттың 30 пайызы әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заңмен бекітілді.

лей сайлау арқылы іріктеле басталды. Аталған қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік берді.

Инфографика: Kazinform

Конституциялық соттың

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ БАСТЫ РЕФОРМАЛАР (2019-2024)



маңызы басым

Елдегі саяси реформалар адам құқықтарын қорғауға, демократия өрісін кеңейтуге бағытталғанын сөз еттік. Адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретіп, азаматтық қоғамды дамыту мақсатында Конституциялық сот қайта құрылды.

Прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебе алды. Өз кезегінде бұның бәрі халықаралық стандарттарға сәйкес құқықтық жүйе қалыптастырып аңғартады.

Әсіресе, елдің саяси жүйесінде Конституциялық соттың ерекше маңызына ие екенін ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Стратегиялық талдау бөлімінің бас сарапшысы айтты.

Саяси партиялардың қоғамдық ролі күшейді. Азаматтарымыз өз ой-пікірлерін ашық айтып, қоғамда белсенді болуына мүмкіндік беретін нақты тетіктер пайда болды. Сайлау жүйесін жетілдірдік. Ауыл, аудан өкілдері тікелей сайлана бастады. Бір сөзбен, саяси және қоғамдық мәдениет үлкен өзгеріске ұшырады.

Ең маңызды бастаманың бірі - Президент жеті жылдық мерзімге бір рет ғана сайла-

натын болды. Осы шешімнің саяси мән-мағынасы ерекше, бұл - мемлекет басқару ісінде жаңа стандарт қалыптастыратын маңызды қадам. Реформалар, өзгерістер әлі де жалғаса береді. Ең бастысы, бұл өзгерістер - халықтың таңдауы, - деген еді Президент.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі айтарлықтай өзгеріске бет алғаны мәлім. 2021 жылы алғаш рет ауыл өкілдері тіке-

маңызы басым

Елдегі саяси реформалар адам құқықтарын қорғауға, демократия өрісін кеңейтуге бағытталғанын сөз еттік. Адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретіп, азаматтық қоғамды дамыту мақсатында Конституциялық сот қайта құрылды.

Прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебе алды. Өз кезегінде бұның бәрі халықаралық стандарттарға сәйкес құқықтық жүйе қалыптастырып аңғартады.

Әсіресе, елдің саяси жүйесінде Конституциялық соттың ерекше маңызына ие екенін ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Стратегиялық талдау бөлімінің бас сарапшысы айтты берді.

- 2023 жылдан бастап Конституциялық сот жаңа форматта жұмыс істей бастады. Бұл институт 1993-1995 жылдар аралығында болған. Қазір ол еліміздің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Құрылған күннен бастап жарты жыл ішінде 18 істі қараған бұл органың маңыздылығына Президент баса назар аударды. 4 мыңнан астам өтініштің жалпы санының аясында Қылмыстық іс жүргізу және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Реформалардың құрамдас аспектісі азаматтардың белсенді қатысуы болды. Конституциялық сотқа түскен 4 мыңнан астам өтініш халықтың сот төрелігіне және заңдылықты құрметтеуге деген терең сұранысын көрсетеді.

Конституциялық соттың құрылуы конституциялық принциптердің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Аталған сот шешімдерінің түпкілікті күші бар, бұл оның сот төрелігі жүйесіндегі тәуелсіз және беделді орган ретіндегі ролін көрсетеді, - дейді маман.

Қазақстанда Конституциялық соттың қайта жаңғыруы заңдылықты нығайтуды және азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына кепілдік берудің маңызды тетігі саналады. Қорыта айтқанда, саяси реформалар азаматтардың еркіндігін қамтамасыз етіп, қоғамдағы мүмкіндіктерін арттыра алды.

**Мадияр ТӨЛЕУОВ, «Қазақпарат»**

ӨҢГІМЕНІҢ КЕЙІПКЕРІ

Нүсіпхан бүгін ерте тұрды. Күндегі әдетіне малын жайғап, атқа қонды. Желтоқсан айы болса да бүгін күн шуақты екен.

Қапақасқа екі-үш күн үйде тұрып қалғаннан ба, әйтеуір бүгін тым белсенді келеді. Ол совхоздың түйе бағуға берген, мініске жарамды белді аты. Пысқырынып, басын шұлғып тастап, өршеленіп жүріп келеді.

Нүсіпхан – ірі денелі, салмақты адам. Жөпшенді ашулана бермейді. Ешкіммен ұрсысып, кектесіп жатпайды. Осы Ақжазық ауылының тумасы. Жүйрік ат мініп, аң аулағанды жақсы көреді.

Ақжазықтан шығып, күн батысқа қарай тас жолды жағалап келе жатқанына жарты сағаттай уақыт болды. Жолдың екі шеті тізіліп өскен биік қарағаш. Ауылдан алыстаған сайын ағаштардың қатары сиреп барады.

ҚАСҚЫРМЕН АЙҚАС (әңгіме)



Мұзға қамалып қалды ма деген ойы сөйілгендей болды. Басқа көп қорқыныш жоқ. Іле өзенінің жағалауындағы құмдар алыстан менмұңдалап қол бұлғағандай көрінді.

Түгелдеп болғаннан соң ары қарай жүріп кетті. Мылтығын ұмытқанын біреу айтып қойғандай, қарақұйрық алдынан көлденең шыға берді.

Өткен аптада бес қақпан құрып кеткен еді. Қақпанды өте еттілікпен құрмаса, аңның түсуі екіталай. Еттілік жағынан атасынан үйренгені жетерлік.

ден білді. Атының тізгінін тартып ұстап, тақымын қысты. Бұл – аты үркіп кетіп, жығылып қалмайын дегені болатын.

Оны бағана барғанда байқаған болатын. Қалың киімдерін шешіп, сойлыны алып, қасқыр жатқан жаққа бара жатып ойлағаны оралып жатқан шіріген сексеуіл жұлынып кетпесе деген ой болды.

Өзіне қауіп төніп келе жатқанын ол да біліп тұр. «Бәлем, жақын-дайшы, көсетермін!» дегендей, тайсалмай, ызалы көзбен қарап жатыр.

жатқандай. Сойыл сілтер жерге жеткізбей, қасқыр тұра ұмтылды. Оның да әрбір қимылын бағып келе жатқан Нүсіпхан мүлт кетем деп те ойлаған емес.

«Қапы кеттім-ау» деген сыңай жанарынан байқалғандай болды. Ешқандай үн шығарар емес. Таяқтың ауырлығынан амалсыз көзін жұмды.

Болашақ өзі тәрізді аңшы болса деген арманы да жоқ емес. Қандай азамат болар екен деген оймен келе жатқанда, кенет Қапақасқа осықырынып, үріккендей сыңай танытты.

Алғашқы ақылдылығына таңғалған Нүсіпхан жалынан сипады. «Басқа ат болып, үркіп кетсе қайтер едім» деп ойланды.

– Әй, жан тәтті ғой! – деп басын шайқады да, үйреншікті әдетінше өнге басты.

Абылай ҚАДЫР, qazqazadebieti.kz

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ. III-КЕЗЕҢ

2024 жылдан бастап Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей декларациялаудың III-кезеңі басталды.

Декларацияны «Салық төлеушінің кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqAzamat», Halyk банк, Банк Центркредит мобилді қосымшалары арқылы тапсыруға болады.

Бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т.б.); үлестік қатысу шарты (тұрғын үйдегі үлес);

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

Жеке тұлғаның нотариалды куәлінірылған қарыз шарттарынан көрсету керек; Қалауы бойынша құны 1000 АЕК (3 450 000) асатын кез келген мүлкті мәдени құндылықтарды, қымбат заттарды, антиквариатты, биологиялық активтерді көрсетуге болады.

1) бағалы қағаздар бойынша: https://portal.kacd.kz; 2) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша: https://homeportal.kz;

2024 жылдың 1 шілде жағдайына Ойыл ауданында III кезең бойынша декларация тапсырушылардың жалпы саны 1102, оның ішінде тапсырғандар саны 659 немесе 59,8%.

Декларацияны уақытында тапсырмаған жағдайда ӨҚБТК 272 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық бойынша шаралар қолданылатынын хабарлаймыз.

АБАЙЛАҢЫЗ, НИТРАТТАР!

КӨКӨНИСТЕРДІҢ КӨПШІЛІГІН ДАЙЫНДАҒАН КЕЗДЕ, КӨКӨНИСТІҢ ТАМЫРЫН ЖӨНЕ ОНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ЖАҒЫН КЕСІҢІЗ. НИТРАТТАРДЫҢ ЕҢ КӨП МӨЛШЕРІ ОСЫ ЖЕРЛЕРДЕ БОЛАДЫ (ӨСІРСЕ ҚЫЗЫЛША, РЕДИС, СӨБІЗ ЖӨНЕ ҚЫАРҒА ҚАТЫСТЫ);

Кәділдерде нитраттар тікелей қабығының астында шоғырланған. Сондықтан оны қалыңдау қабатпен аршу керек; Ақ қырыққабаттың жоғарғы жапырақтарын алып тастаңыз, олардың құрамында нитраттардың жоғары дозасы бар.

Нитраттар сатушының лас қолдары, лас пышақ-дизентерияға дейін ішек инфекциясын жұқтыру мүмкіндігі. Қарбызды қолданар алдында ағынды сумен жуыңыз.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің күзетшісі Әділханов Әлібекке ағасы Төрешов Әмірханның дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, музей ұжымы көңіл айтады.

Қарбыз мен қауынды тек базарлардан, ірі дүкендер мен супермаркеттерден сатып алыңыз. Онда міндетті түрде ведомстволық зертханалар көкөністердегі нитраттардың құрамына зертханалық бақылау жүргізеді.

Қарбызды таңдағанда, сабағына назар аударыңыз. Ол құрғақ болуы керек. Қарбызды шертіп көріңіз - «қатты» дыбыс болуы керек.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакциялық көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1206 дана. Тапсырыс 965 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

## ЖАЙДАРЛЫ ЖАЗ ҚЫЗЫҚТАРЫ



Барлық оқушы жаз мезгілін асыға күтеді. Әсіресе, ауыл балалары үшін, көк шалғынға оранған боз даланың төсінде аунап-қунап ойнап, еш алаңсыз табиғат аясында демалудың өзі үлкен бір терапия дер едік.

Оқушыға 9 ай бойы мектепте жүктелетін жауапкершіліктің жүгі осы 3 айда бәсеңсіп, бала келесі оқу жылына қайтадан лық толы күш-жігер жинап келуі қажет. Бұл тұрғыда көмекке, әлбетте, жазғы лагерь келетіні анық.

Жазғы лагерь – тек демалыс орны ғана емес, тәрбие мен насихат құралы. Балаларды жан-жақты дамытып, еңбекке бейімдейтін, зейіндерін ашатын орта. Биылғы оқу жылында Қараой мектеп-балабақшасының «Күншуақ» жазғы лагері сәтті жұмысын атқарды. Мектеп лагері жыл сайын

мектеп оқушыларын қуантуға әзір. Оның бір дәлелі Қараой ауылдық округінің әкімі А.Өтегенұлы балалардың көңіл-күйін көтерулеріне, бос уақыттарын тиімді өткізулеріне, жақсы жағдай жасап, балаларға арналған бассейн пайдалануға берді. Лагерьдегі балалардың айналысатын сүйікті істерінің бірі - суға шомылу. Өйткені, ыстық күні сергіткіш, салқын суға шомылып, жүзу өте жақсы әсер қалдырады. Күнде жүзуден айналысу үшін бассейнге түсіп, денелерін шынықтырады.

Биыл лагердің салтанатты ашылу рәсімі Халықаралық балаларды қорғау күнімен, жаз мезгілінің алғашқы күнімен тұспа-тұс келді. 1 маусым күні - «Алтын балалық шақ» атты тақырыпта Қараой мектеп-балабақшасының алдында балаларға арналған

фестиваль, ойын түрлері ұйымдастырылып, шара соңында балаларға тегін балмұздақ таратылып, жақсы көңіл-күй сыйланды. Ой-өрісті дамытуға септігін тигізетін, талай-талай танымдық дүниелермен таныстыратын лагерьде өткен аптадан бастап білім алушылардың әрбір күні түрлі шаралармен қанықты. Лагерьге келген әрбір оқушыны алдымен жақсылыққа, адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып, оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалана білуге үйрету, жаз мезгіліндегі демалысын, қауіпсіздік ережелерін үйрете отырып салауатты өмір салтын қалыптастыру, рухани және мәдени білімдерін жетілдіру, салт-дәстүрін дамыту, патриоттық сезімін арттыру біздің тәрбиешілеріміздің басты мақсаты болды. Сонымен қатар оқушылар табиғатпен сырласуға, экологиялық сапарға шығуға, түрлі викториналық ойындарға және эстафеталарға қатысуға, мектеп жанынан ашық аспан астында пикник жасауға үлгерді.

Расында, баланың риясыз көңілін көріп, қуанышын бірге сезінудің өзі зор бақыт, кәсіби жетістік. Бұл тұрғыда Қараой мектеп-балабақшасының «Күншуақ» жазғы лагері діндегі мақсатына жетті деген ойдамыз. Балалар келесі жазғы демалысты асыға күтеді...

**Нұршат ТІРЖАНОВА,**  
**Қараой мектеп-балабақшасының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

## АСТАНАДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАРСАҢЫНДА ШАБАНДОЗДАРДЫҢ ШЕРУІ ӨТТІ

ӨТКЕН ЖЕКСЕНБІ КҮНІ АСТАНАДА ТАҢҒЫ САФАТ 7.00-ДЕН БАСТАП АТҚА МІНГЕН 30-ҒА ЖУЫҚ ШАБАНДОЗ ЕЛОРДАНЫҢ КӨРНЕКТІ ЖЕРЛЕРІН АРАЛАП ШЫҚТЫ. БҰЛ ЕРЕКШЕ ІС-ШАРА КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ОЙЫНДАРЫ ҚАРСАҢЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ӨКІМДІКТІҢ РЕСМИ САЙТЫ.



Сондай-ақ іс-шара кезінде тағы тұқымының иттерін көруге болады.

Іс-шараға қатысушылар «Барыс Арена» мұз айдыны райының маңындағы іргелес аумаққа жиналып, Бұқар жырау, Түркістан, Орынбор, Ақмешіт, Достық, Қабанбай батыр даңғылдарымен жүріп өтті.

Шабандоздар Астананы алдағы ойындарға безендірген шағын архитектуралық формалардың жанынан өтіп, іс-шара Ж.Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайының жанында аяқталды. Шеру кезінде бүкіл маршрут бойынша жол қозғалысы уақытша жабылды.

Қатысушылардың бірі, «Tengri Road» саяхатшылар клубының негізін қалаушы Сағадат Темкенов өз әсерімен бөлісті: «Мен қазақ дәстүрлерін насихаттаймын. Солардың бірі - менің жылқыларға деген сүйіспеншілігім.

Осы іс-шарадан кейін мен қалаға атпен жиі жүремін деп ойлаймын. Бүгінгі таңда біздің мақсатымыз - қазақстандықтарды мәдениетімізді, тарихымыз бен дәстүрлерімізді көрсететін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысуға шақыру. Осылайша, біз патриотизмді дәріптеп, спортшыларға қолдауымызды және Отанға деген сүйіспеншілігімізді көрсетеміз.

Сонымен қатар бұл ауқымды іс-шара қазақстандық туризмнің дамуына үлес қосады. Этно-мәдени код — бұл шетелдік туристерді шынымен қызықтыратын нәрсе. Менің ойымша, біз бұл бағытта кішігірім және үлкен қадамдар жасауымыз керек».

Сағадат Темкенов этно іс-шара эстафетасын Жамбыл облысының өкілдеріне ойын басталғанға дейін әр өңірде осындай акция ұйымдастыруға шақырды. Естеріңізге сала кетейік, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 8-13 қыркүйекте өтеді. Іс-шараға әлемнің 89 елінен 2000-ға жуық спортшы қатысады деп күтілуде.

## АУДАНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ ШТАБТЫҢ ДА НАЗАРЫНДА

Өткен аптада аудандық Қоғамдық штаб төрағасы Сәкен Займолдин бастаған бір топ штаб мүшелері аудан орталығындағы құрылысы жүргізіліп жатқан нысандарға бақылау жүргізді. Қоғамдық штаб мүшелері алдымен халықтың көкейіндегі мәселе - Ойыл ауылына кіре берісіндегі көпірді қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты.

Одан кейін арнаулы топ су тасқынынан зардап шеккендерге арналып салынып жатқан тұрғын үй құрылысының алаңына барды. Мұндағы қарқынды жұмыс көңіл қуантады. Қазір бірнеше үйде соңғы ішкі жұмыстары жүріп жатыр. Бұл да болса, төрт айдан бері лажсыз эвакуациялық пунктті



паналап отырған тұрғындардың көңіліне демеу. Ойыл аудандық оқушылар үйі мен Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне жүргізіліп жатқан және жүргізілетін күрделі жөндеу барысымен танысып, жұмы-

стың атқарылу барысын бақылады. Соңында «Атапат» партиясы Ойыл аудандық филиалында жұмыстар сараланып, сонымен қатар су тасқынынан зардап шеккендерден түскен ұсыныс-пікірлер талқыланды.

## ЖАМБЫ АТУДАН ҮЗДІК СПОРТШЫЛАР 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚЫРКҮЙЕКТЕ АСТАНАДА ӨТЕТІН 5-ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖАРЫСТАРЫНА ҚАТЫСАТЫН ЖАМБЫ АТУДАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ (АТ ҮСТІНДЕ САДАҚ АТУ) ӨТІП ЖАТЫР.



«Біз жыл басынан бері 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындалып жатырмыз. Бұл біз өткізетін оқу-жаттығу жиындарының үшінші кезеңі, алда-тағы бір кезең бар. Жаттығу жиынына біздің ең мықты

спортшыларымыздың 2 құрамы қатысады. Қазір біз 70-80% дайынбыз, әлі де жұмыс істеу керек. Қазір біз жылқыларды спорттық дайындаумен де айналысамыз. Моңғолия, Араб елдері, Индонезия, Малай-

зия, Венгрия өкілдерін мықты қарсылас деп атай аламын» - деді жамбы атудан ҚР Ұлттық құрамасының бас бапкері Елдос Бадашев.

«Біз күн сайын дайындаламыз, дайындық жоғары деңгейде өтіп жатыр. 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында лайықты өнер көрсетіп, еліміздің намысын қорғаймыз деп сенемін», - деді жамбы атудан ҚР Ұлттық құрамасының мүшесі Ералхан Айкөз.

Еске салсақ, Жамбы ату республикалық федерациясы ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрамына кіреді.

Сонымен қатар, қауымдастық құрамына бөйге, көкпар, аударыспақ, садақ ату, құсбегілік, асық ату, теңге ілу, «JORYQ» және т.б. федерациялар кіреді.

Қауымдастықты белгілі кәсіпкер, меценат, «Алтын Қуған Foundation» қоғамдық қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов басқарады.

## «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ

ӨТКЕН АПТАДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ ЖӨНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ЖӨНЕ ЖЕР ИНСПЕКЦИЯСЫ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕТІНДЕ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТКІЗІЛДІ. МӨСЕЛЕСІН АЙТЫП КЕЛГЕНДЕРГЕ МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРІП, МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІН ТҮСІНДІРДІ.

Олар бизнес өкілдеріне кәсіпкерлердің құрылғын қорғау, жер мәселесі, әсіресе ауыл шаруашылығы бағытындағы сауалдарына кең көлемде жауап беріп, тегін кеңес берді. Ұйымдастырушылар мұндай шара алдағы уақытта облыс орталығына келіп жүрмей кеңес алу үшін аудан кәсіпкерлеріне тұрақты ұйымдастырылатын болады, - дейді. Кездесуде көтерілген мәселелердің дені агро-өнеркәсіптік саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін бөлінетін жер мен қажетті құрылғылар, жаңа кәсіп ашу немесе өндірісті кеңейту мақсатында берілетін несиелердің мөлшеріне, қағазбастылық пен кәсіпкерлерге келтірілетін түрлі кедергілерге байланысты болды. Сондықтан, қабылдау барысында "Аграрлық несиелеу корпорациясы" және "КазА-



грофинанс" АҚ өкілдеріне көп сұрақтар қойылды. Әрине, кейбір кәсіпкерлер мен шаруа қожалық төрағаларын қаржы институттарының несиелеу талаптары мен оның шарттарына сәйкес келіп қоятын мүлктің бағалануы да мазалайды. Осыған дейінгі ауылшару-

ашылығы саласын дамытуға септігі тиіп келген субсидиялау туралы сұрақтарға да тиісті сала мамандары жан-жақты түсінік берді. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері де бизнес басшыларына кеңес беру мақсатына күніне атсалысты.

## МІНДЕТТІ МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



1. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығымен регламенттелген. 2024-2025 оқу жылында қолданыстағы бұйрық басшылыққа алынады.

2. Міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді.

3. Мектеп формасының фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын бекітуді білім беру ұйымдары мен кеңес (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) айқындайды. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

4. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылданады.

5. Мектеп формасына қосуға рұқсат етілмейді және киюге тыйым салынады:

- жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар;
- түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері.

6. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер мектеп формасын тігетін кәсіпорынды немесе оқушы киімдерін сататын сауда желісін өздері таңдайды.

7. Білім алушылар белгіленген мектеп формасын сақтауға, ал ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.